

Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ОТЫРАР ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев Кеңес Одағы кезінде Қазақстанды басқарған ең танымал басшы. 1960-1962 жылдары және 1964-1986 жылдары Д.А. Қонаев Қазақ ССР Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Коммунистік дәуір кезінде одақтық республиканы басқару әдеттегі тәуелсіз, егемен елді басқарудан бөлек, әлдеқайда қиын болды. Бас билік Мәскеуде болды. Талай басшы мәскеуліктерге жақсы көрінгенмен еліне сұмырай болды, еліне жақса Мәскеуге жақпай репрессияға ұшырады. Ақыры орталық 1986 жылы 24 жыл қызметтен Д.А. Қонаевты жұмыстан кетірді.

Осыған қарамастан туган елі, Қазақстан халқы арасында абыройлы болды. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, мамандығы инженер бола тура Димекең жалпы халыққа жақын болды. Қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Тарихи-мәдени мұраны сақтауға көңіл бөлді. Рухымызды көтерген, санамызды өсірген, ұлттық тарихымыздың жабулы беттерімен қайта қауыштырған жазушыларға қорған, қамқор бола білді.

Отырар ескерткіштерінің қорғалып сақталуына үлес қосты. Арыстанбаб кесенесі орналасқан Қызылқұм ауданының 1969-1970 жылдың қысының аяғында елді мекендерді су басып - халықты өбігерге салды. Сол кезде ауданның бірінші хатшысы Т.Тай-

бековке Димекең тікелей өзі телефон соғып ел-жұрт аمانдығынан хабардар болған соң «Жерді топансу алып кетті деп естіп жатырмын. Арыстанбаб аман ба, судың астында қалған жоқ па?» деп сұрау салды. Одан әрі «Кесененің іргесіне су кетпесін, қабырғасы жарылса немесе құласа екеуімізді аруақ ұрады. Жазаның ең үлкені аруақ қой. Аруақ ұрған оңалмайды. Сондықтан бір көзің сонда болсын. Бүгін түнделетіп ТурВО-дан (Түркістандық әскери округінен) генерал бастаған саперлар барып вагонымен Темір стансасында тұрады. Өзен мен көлдердегі мұз буады деген жерлерді жарғызындар. Дұрыстап пайдаланып, менің көмегім керек болса, телефон шал» депті. Ардагердің естелігіне қарағанда өңгіме біразға созылған. Онда Димекеңнің, әулетінің ислам дініне, әулиелерге деген көзқарасы да анық байқалады. Димекең аудан басшысына: «Менің әкем діндар адам емес. Дінді оқып, уағыздамайды. Бірақ қатты құрметтейді. Оған тіл тигізбейді, оның көптеген артықшылығын мойындайды. «Барлық заманның талаптарына түптура келетін қағидалары көп» деп отырады. Өткен пайгамбарлардың өмірі туралы қиссаларды оқып отырып таңданады, оларға бас иеді. Менің оңтүстік өңірге барып қайтқанымды білсе, «Арыстанбабқа, Өзірет Сұлтанға бардың ба, жолын істедің бе?



Отырар музейі ғимараты ішінде Д.А.Қонаев кітапқа тілек жазып жатқан кез

деп сұрап отырады» дейді. Өңгіме арасында Димекең өткен қыста Қырымда болғанын, онда Тегераннан келген діни қоғам мүшелерімен кездескенде бір кісі «Сіздің рабыңыз кім, дініңіз қандай, пайгамбарыңыз кім, құбылаң қайда, кімнің ұрпағысыз, миллетің кім?» деп сұрағанын және оған «Алла тағала, Ислам, Мұхаммед, Қағба, Муаззамда, Адаш ата, Ибраһим» деп жауап бергенін жеткізеді. Өңгімесін аяқтай келе, «Оңтүстікке барған сайын жасы да, жолы да үлкен, Пайгамбардың көзін көрген деп алдымен Арыстанбабқа, содан кейін Қожа Ахмет Ясауиге кіріп шығушы едім.

«Артық айтқан жерім болса, істеген оғаш қиянатым болса, кешіре гөр» деп іштей тілеуші едім. зімді рухани жеңілдеп, әрі жетіліп қалғандай сезім билейтін. Үнемі іштей сиынып жүретін аруақтың амандығын есіткен соң көбірек сөй-

леп кеттім. Бұл өңгіме менен гөрі саған керек, Тәліп, аман бол», деп Димекең тұтқаны жауып қойған екен (Жаппаров Ә. Арыстанбаб аман ба? // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 318-323 б.). Ұлық болсаң кішік бол деген осы болар.

Димекең Арыстанбабқа келгенде «Қабіртасы үлкен екен ғой, көлемін шамалап көрелік» деп әулие үстіндегі белгіні бір шетінен кере құлаштап ұстап, екінші шетіне дейін өлшеген болып тәу ететін деседі қариялар. Арыстанбабты Димекеңнің ерекше қастерлеуінің тағы бір айғағы ретінде мына болған жағдайды айтып кету қажет. Советтік заманда Қызылқұм (қазіргі Отырар) ауданы басшылары Арыстанбабқа таяу жердегі жайқалған жүгері алқапты Д.Қонаевқа көрсетпек болып, ағаш бөренелерден мұнара іспетті биік мінбер жасатып, мәртебелі қонақты осы орынға алып келген.

Жалғасы 3 -ші бетте▶



Қоян жылы ҚҰТ АЛЫП КЕЛСІН!

Құрметті оқырмандар, келе жатқан Жаңа жыл құтты болсын! Алдағы он екі ай кәсіби табысқа және жағымды жаңалықтарға толы болсын деп тілейміз.

Жаңа жылдағы ең қарапайым күннің өзі кішкентай жағымды тосынсый әкелсін, кез-келген ашу-күлкіге,

мұң-үмітке айналсын, ал махаббат пен

тыныштық серік болсын.

Келер жылдың әрбір минуты үйге жылулық, бақыт пен шабыт әкелсін.

Барлық жоспарлар мен идеялар оңай орындалсын

және жақын адамдарыңыздың құшақтары, жылы

сөздері сізді керемет көңіл-күйге бөлеп жүрсін! мі-

ріңіздің кез-келген белесінде гүлдену, сәттілік пен

позитив тілейміз!

Келесі жылы да «Айғақ» газетінен қол үзбеңіз.

Басылымның келер жылғы сандарында жағымды

жаңалықтармен, қызықты оқиғалармен, танымды

деректермен хабардар боласыз! Одан бөлек қызықты

айдарлар, керек кеңестер Сіз үшін тек пайдалы

болмақ.

Жаңа жыл бақытты болашаққа үміт, игі іс

атқаруға жігер сыйлайды. Жаңа жылда шаңырақта-

рыңызға шаттық, отбасыларыңызға береке, барлық

үміт армандарыңыз орындала беруге ізгі ниет

білдіреміз.

Жаңа жыл жағымды жаңалықтарға толы

болсын! «Айғақ» республикалық газетінің

11.01.2023 жылғы бірінші және екінші санында

кездескенше аман болыңыздар!

Тәңірдің бергенінен берері мол болғай!



ЖОЛАУШЫЛАР КЕШІКТІРІЛГЕН РЕЙСТІҢ ӘР САГАТЫНА БИЛЕТ ҚҰНЫНЫҢ 3% МӨЛШЕРІНДЕ АВИАКОМПАНИЯДАН ӨТЕМАҚЫ АЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Ашық сағат алаңы» жобасы аясында әуе рейстерінің кешігуіне байланысты жолаушылардың құқықтарын сақтау мәселелеріне арналған кеңес өткізілді.



Аталған кеңесте рейстердің ұзаққа дейін кешігуі себептері қарастырылды. Сондай-ақ авиакомпаниялардың өкілдері жолаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мен көрсетілген қызметтер бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратпен таныстырды.

Бұл ретте «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңына сәйкес әуе компаниясы кінәсінен рейс кешіктірілген жағдайда және оның ұзақтығына байланысты жолаушыларға тегін негізде салқын сусындар, ыстық тамақ, қонақ үйде түнеу, сондай-ақ оған көлікпен барып, қайту ұсынылуы тиіс. Аталған қызмет талапқа сай көрсетілмеген жағдайда авиакомпания айыппұл түрінде әкімшілік жауапқа тартылатынын айта кетейік.

Сонымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жолаушылар кешіктірілген рейстің әр сағаты үшін тасымалдаушы компаниядан билет құнының 3% мөлшерінде өтемақы алуға құқылы.

Бұдан басқа «Ашық сағат алаңында» әуе тасымалдаушылардың рейстерді уақтылы орындауы туралы, сондай-ақ жолаушылардың құқықтарын сақтауға баса мән берілу керектігі айтылып, авиакомпаниялардың міндеттері де түсіндірілді.

Осы орайда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек скенбаев рейстердің кешігуін азайту мақсатында авиакомпаниялардың жаңа ұшақтарды сатып алу жөніндегі жоспарын қайта қарауды тапсырганын айта кеткен жөн.

ҚОЯН ЖЫЛЫ ОРЫН АЛҒАН МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР

- 1799 жылы - Вольта Александрo ұзақ уақыт жұмыс істейтін алғашқы гальвани (электрлік) ток көзі — вольт бағанын жасады.
- 1847 жылы - Қазақ хандығы жойылды.
- 1859 ж. ағылшын физигі Джеймс Максвелл (1831 — 1879) физикаға алғаш болып ықтималдылық түсінігін енгізе отырып, молекулалардың жылдамдықтары бойынша таратылу заңын айғақтады.
- 1859 ж. неміс ғалымдары Густов Кирхгоф (1824 — 1887) пен Роберт Бунзен (1811—1899) спектрлік талдауды (анализдің) негізін салды
- 1895 ж. орыс физигі Александр Попов (1859 — 1906) алғаш болып электромагниттік толқындарды сымсыз байланыс мақсатында пайдаланды.
- В.Рентген рентгендік сәулесін ашты.
- 1927 жылы - Вольфке Мечислав В. Кеезоммен бірге сұйық гелийдің; гелий І және гелий ІІ түрге ажырайтынын ашты.
- 1963 ж. Жерден барынша шалғай қашықтықтан аса күшті жарқырайтын квазижұлдыздық нысандар (объектілер) — квазарлар ашылды.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАР



2023 жылы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы — 40 567 теңге болып белгіленді. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жалақының ең төмен мөлшері — 70 мың теңге көлемінде болады. Бұл туралы “2023 — 2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы” заңда жазылған. Сонымен қатар өзге де төлемдердің мөлшері өседі. Атап айтқанда:

- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері — 24 341 теңге;
- зейнетақының ең төмен мөлшері — 53 076 теңге;
- айлық есептік көрсеткіш — 3 450 теңге;
- базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы — 40 567 теңге болып белгіленді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлеуге жататын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекет жарналарының мөлшері мемлекет жарналарын есептеу объектісінен 1,8 пайыз болып белгіленді.

Қазақ халқының әйгілі өнші-сазгері, ақыны **Жаяу Мұса Байжанұлы**

Қазақ халық ақыны, композитор, айтыскер ақын **Майлықожа Сұлтанқожаұлы**

Қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы **Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов**

Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан, тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен **Қажы Мұқан Мұңайтпасұлы**

Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі - **Сапарғали Ысқақұлы Бегалин**

Қазақ ақыны **Сәбит Дөнентаев** Мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының кандидаты **Жұмабек Ахметұлы Тәшенов**

Қазақ жазушысы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері **Мәлік Ғабдуллин**

Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз **Зейнолла Қабдолов**

АТАУЛЫ ДАТАЛАР

Халық арасында Өзірет (Хазрет) Сұлтан атымен танымал (1093 немесе 1103, Сайрам — 1166, Түркістан) — ортаазиялық философ, ислам уағызшысы, сопылық ақын **Қожа Ахмет Яссауидің** туганына — 930 жыл.

1223–77 жылдары Мысырда билік құрған **Сұлтан Бейбарыстың** туганына — 800 жыл

Қазақтың қоғам қайраткері, шешен, “Жеті жарғыны” жасаушылардың бірі, қазақтың биі **Төле бидің** туганына — 360 жыл

Қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғ. жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ-жоңғар соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы **Бұқар жыраудың** туганына - 330 жыл

1771 — 1781 жылдар аралығында билік құрған Қазақ хандығының 18-ші ханы. Қазақ Ордасының тарихындағы ең ұлы хандардың бірі. **Абылайдың туганына** - 310 жыл

Қазақтың әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, қазақтың батыры **Махамбет темісұлының** туганына — 220 жыл

Қазақ ақыны, өнші, және сазгер **Ақан сері Қорамсаұлының** туганына - 180 жыл

Қазақтың атақты күйші қобызшысы, композитор, қыл-

қобызда ойнаудың асқан дүлдүл шебері **Ыңылас Дүкенұлының** туганына — 180 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор, реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары **Шәкәрім Құдайбердіұлының** туганына — 165 жыл

Қазақ халқының батыры. Қазақстанда 1916 жылы орын алған Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы. Торғай уезі Қайдауыл болысының 3-ауылында кедей шаруа отбасында туған. 1918 жылдан Компартия мүшесі **Аманкелді Үдербайұлы Имановтың** туганына — 150 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым **Халел Досмұхамедовтың** туганына — 140 жыл.

Ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туганына — 130 жыл

Алаш қозғалысының мүшесі **Мағжан Жұмабаевтың** туганына — 130 жыл

Мемлекет қайраткері **Темірбек Жүргеновтің** туганына - 125 жыл

Қазақтың аса көрнекті композиторы, қоғам қайраткері, КСРО халық артисі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, бұрынғы ҚР өнұраны авторларының бірі **Мұқан Төлебаев** туганына — 110 жыл.

Әйгілі партизан, жазушы **Қасым Қайсеновтің** туганына - 105 жыл

Ұлы Отан соғысының ардагері, жазушы **Кемел Тоқаевтың** туганына — 100 жыл

Актриса, Қазақ КСР-інің халық артисі, **Бикен Римованың** туганына - 100 жыл

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, еңбек ардагері **Жамалбек Шәймерденұлы Шәймерденовтің** туганына — 95 жыл

Ақын **Ғафу Қайырбековтың** туганына 95 жыл.

Мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері **Мұрат Мұхтарұлы Әуезов — 80 жаста**

Мемлекет және қоғам қайраткері **Бердібек Машбекұлы Сапарбаев - 70 жаста**

Ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Журналистика академиясының және Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ұлттық ғылыми академиясының корреспонденция мүшесі **Бауыржан міржанұлы Жақып 70 жаста**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткері **Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев — 70 жаста**

Грек-рим күресінен Қазақстан және бұрынғы Кеңес одағының палуаны. КСРО және Қазақстанның Еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Дәулет Болатұлы Тұрлыханов — 70 жаста.**

Қазақ КСР еңбек сіңірген жаттықтырушысы **Жақсылық Әмірәліұлы Үшкемпіров**

КСР Еңбек сіңірген артисі **Меруерт Қаратайқызы текешева**

Қазақ КСРнің Халық артисі және КСРОның Халық артисі **Әлібек Мұсаұлы Дінішев**

Қазақстан Журналистика академиясының академигі, ақын, филология ғылымдарының докторы **Бауыржан міржанұлы Жақып**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қайраткері **Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев**

КСРО және Қазақстанның Еңбек сіңірген спорт шебері **Дәулет Болатұлы Тұрлыханов**

Ақтөбе облысының әкімі **Ералы Лұқпанұлы Тогжанов**

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры **Жақып Қажманұлы Асанов** Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, “ДАРЫН” мемлекеттік жастар сыйлығының иегері **Сәкен Қордабайұлы Майғазиев**

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ - ЖАҢА УАҚЫТ

Қытай деректері бойынша Жаңа 2023 жыл әдеттегіден кеш келеді - қаңтар айының соңында. Әр 12 жыл сайын он екі шығыс белгісі өз кезегінде жылдың меценаттары ретінде әрекет етеді. 2023 жылдың басты символы Қоян болады. Бұл шығыс белгісімен туылған адамдар батыл, ерік-жігері жеңіл мінезді адамдар болып саналады. Олар кез-келген өмірге бейімделе алады, бірақ сонымен бірге олар өзгермелі. Айта кету керек, 2023 жыл мақсатты және төуелсіз адамдар үшін сәтті болады.

Қоян өзінің ашықтығымен, мейірімділігімен, талғампаздығымен, сақтығымен, нәзіктігімен және ұстамдылығымен ерекшеленеді. Шығыс жұлдыз жорамалының өкілі де өзіне сенімділік, икемділік пен көрегендікпен қатар өмір сүреді.

Қояндар әдістемелік және сенімді жұмыс үшін өте қолайлы, өйткені олардың консерватизмі судья, заңгер, хатшы және кеңесші сияқты кәсіптердегі мансаптық табысқа ықпал етеді. Сондай-ақ, Қоян жылы туылғандар көбінесе көмекшілер ретінде қабылданады, өйткені сіз оларға сүйеніп, тіпті ең қиын тапсырмаларды оңай шеше аласыз.

Қоян жылында әртүрлі түстерді еркін пайдалануға болады. 2023 жылы астрологтар келесілерге артықшылық беруді ұсынады:

Қызыл. Бұл құмарлықтың түсі, ал Қоян - сүйетін жануар. Қызғылт. мірге үйлесімділік қосатын нәзіктіктің түсі. Күлгін, жүйке жүйесін тұрақтандырады және тыныштандырады.

Көк. Жыл меценаты суды жақсы көреді, сондықтан көк реңктері Қоянға ұнайды.

Қара. Жыл меценаты - Қоян. Сіз бірден күңгірт түсті киінбеуіңіз керек, бірақ қара элементтер кескінге сән-салтанат қосады.

Жасыл. Бостандық пен жеңілдікті білдіретін түс.

Елімізде бүгін үйленіп, жыл өтпей жатып шаңырағы шайқалып жататын отбасылар саны өкінішке қарай, көбейіп барады. Ажырасуға онлайн өтініш беру, қабылдау, қарау некені бұзу процесін жеңілдетіп жатқан жоқ па? Осы тақырып аясында мамандармен тілдесіп, неке, отбасы құндылықтары мен медиацияның мүмкіндіктері жайлы сұраққа жауап алдық.

-Медиация дегеніміз не? Некені сақтауда медиацияның көмегі тиеді ме?

Дінмұхаммед Әзіретқұлов, Шымкент қаласы сотының судьясы:

- Медиация - 2011 жылы 28 қаңтарда ҚР қабылданған заң. Ол 2011 жылы қабылданғанымен, бұл - біздің ұлтымызға, мәдениетімізге, салт-дәстүрімізге жақын ұғым. Қазақта ежелден келе жатқан сөз бар ғой, “бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде” деген. Сондықтан, кез-келген дауды татуластыру рәсімімен аяқтаған. Яғни, бізде, сотталғандар, болмаса түрме деген түсінік болмаған. Елдің арасында болған дау-жанжалды ақылмен шешіп отырған. Сол сияқты қазір жаңа Қазақстанда медиация туралы заң қабылданды. Оның мақсаты - дауласқандарды бітімге келтіру. Қазір, ажырасушылар саны артып келеді. Сондықтан, осы дауларды мемлекет тарапынан алдын-алып, қоғамдық тәртіпті түзеу үшін қабылданған. Бұл заңның тиімділігі - екі туысқан арасында, ажырасқандар арасында бір даудан екінші дау туындап кетпеу үшін татуластыру. Алимент өндіру, үйді, мүлікті бөлу сынды түрлі мәселелер болады. Медиация - қоғамда болып жатқан үлкен кикілжіңдердің алдын алып, өзінің тиімділігін көрсетіп келеді.

Ләззат Әуелбекова,

Абай аудандық сотының судьясы:

-Татуластырушы судьяға тек неке бұзу бойынша талап-арыздар емес, барлық арыздар түседі. Сотқа келген ерлі-зайыптылар ажырасамыз деп ке-



АЖЫРАСУ-ОҢАЙ, ҚАЙТА ҮЙ БОЛУ-ҚИЫН

леді. Ал, соттың мақсаты - ажырату емес. Мақсатымыз - жұбайларды татуластырып, отбасының құндылығын, балаға тиетін жанама әсерлерін түсіндіру арқылы райынан қайтару. Неке бұзу бойынша өтініш алдымен татуластырушы судьяға келіп түседі. 15 күннің ішінде отбасының құндылығын түсіндіріп, психолог, медиаторлармен тілдестіреміз. Осы он бес күндік мерзім көп отбасының татуласуына сеп болып жатыр. Статистика бойынша, Шымкент қаласында жыл басынан ажырасу бойынша 1359 талап-арыз түскен. Соның 30% пайызы татуластырушы судья, психологтың көмегімен татуласқан.

- Ажырасу кезіндегі атананың қателігі неде?

Айгүл Рүстемова,

Шымкент қаласы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы:

- Ажырасу - аудандық сотта қаралады. Біздің сотта 2 медиатор жұмыс істейді. Біз келісімге келмей жатқан екі тараппен жұмыс барысында балаларын шақырамыз. Олармен психологтар тілдесіп, әңгімелеседі. Осы уақытта баланың пікірін ата-анасы да тыңдап отырады. Осының нәтижесінде көп жанұяның бітімгерлікке келген жайттары болды. Ажырасамын деп

келген шаңыраққа алдымен ер адамның немесе әйел адамның құқығын қорғап емес, баланың мүддесін ойлауды айтамыз. Баламен еркін сөйлесу нәтижесіне көп ата-ана қателігін түсініп, татуласып жатады.

Элеанора Бәкірова,

Абай аудандық сотының судьясы:

Тараптар сотта некені бұзу бойынша талап-арыз берген кезде мүлікке қатысты мәселені шешу үшін құжат жинап, соттасу керек деп ойлайды. Егер олардың некені сақтауға мүмкіншілік жоқ екеніне көз жеткізсек, алиментке, мүлік жөніндегі дауға қатысты жағдайларды түсіндіреміз. Оны соттаспай, екі тарап келісімге келу арқылы шешуге болады. Медиаторлардың жүйелі жұмысы арқасында көпшілік ортақ бітімгершілікке келіп жатыр.

-Неке бұзу фактісінің бала психикасына әсері қандай?

Сажидохон Закирова, психолог:

Бір-бірін ренжіткен ата-аналардың қателігінен көбіне бала зардап шегеді. Балаға өз қалауын орындатқысы келген ата-ана оның жеке пікірін сұрауды ұмытып кетеді. Өкесін немесе анасын жаман көрсетіп, арасын алшақтатқысы келеді. Екі жақының да жақсы көретін балаға, оның психологиясына бұл өте үлкен соққы. Бірінің айтқанын орындап, екінші жақты ренжітіп алады. Нәтижесінде бала анасына немесе

өкесіне сатқындық жасағандай көрініп, ішкі күйзеліске тап болады. 3 ойы бар, еркін, қалауын айта алатын ұрпақты өсіру үшін баламен жас кезінен санасу, түсіну, тілдесу керек.

-«Право» республикалық қоғамдық қоры жұмысының мақсаты қандай?

Ләззат Әуелбекова,

Абай аудандық сотының судьясы:

-«Право» қоғамдық қоры Абай аудандық сотында және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық сотта медиатор, психологтары жұмыс істейді. 6-8 күн ішінде ерлі-зайыптылар осы мамандармен жұмыс істеп, содан кейін татуластырушы судьяға келеді. Ол кезінде медиаторлар тағы да түсіндіру жұмысын жүргізеді. Қоғамдық қордың осы аралықтағы ықпалы өте зор. Иткені оларда психолог мамандар жеткілікті. Ол ерлі-зайыптылардың жылдар бойғы өкпе-ренішін, болған келеңсіз жайттардың бәрін тыңдайды. Отбасы мүшелерін психолог қана жіті тыңдап, қорытынды шығарады. Ал, сотта олардың 10-15 жылдық мәселесі қаралып тұрмайды ғой. Отбасы құндылығын түсіндіргенімізбен, оның ішкі әлеміндегі жанайқайын, мұңын тыңдайтын психолог керек. Некені сақтау процесінде психолог-медиаторлар үлкен рөл ойнайды. Былайша айтқанда, бір шаңырақтың отын өшіруге немесе өсіруге ықпал жасайды. Сондықтан да, қоғамдық қордың психолог мамандары жақсы жұмыс істеп келеді.

Отанның іргесі мықты болу үшін отбасының бірлігі бекем болуы керек. Отбасы - тәрбие баспалдағы. Елдің ертеңі - бала, өсіп келе жатқан жас ұрпақ. Олардың тал бесіктен алған тәрбиесінің тағылымы терең болса, өмірлік жолы түзу болады.

Жалпы, ажырасып кеткендердің ішінде қуанатындарға қарағанда, кейін өкініп жататындарөте көп екен. Статистика солай дейді. Сондықтан, ажырасуға асықпайық. Шын мәнінде ажырасу керек болса, қай кезде де үлгеруге болады. Ал, қайта үй болу - қиын.

Сұхбаттасқан:

Арайлым ӘБСАҒАТ.



Д.А. ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ОТЫРАР ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Бірақ көліктен түскен Димекең мінберге көтерілсе Арыстанбаб кесенесінен биіктеп кететінін байқап «Бабадан жоғары болмай-ақ қояйық» деп мінберге шықпапты. Біз жоғарыда өзіміз жұмыс істеген жерлерде естіген Арыстанбаб пен Қожа Ахмет Ясауиге қатысты көпшілікке беймәлімдеу материалдарды ғана баян еттік. Ал Димекең Бәйдібек ата, Домалақ ана, Төле

би кесенелеріне, қазақтың басқа да киелі орындарына барып қастерлегенін көзі қарақты оқырман жақсы білсе керек.

Қонаевтың ықпалымен кезінде қазақ даласының ұлы тұлғасы, Екінші Ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді туган жеріне қайта таныстыру мақсатындағы ең мәртебелі шаралар өткізілді. Советтік дәуірде Республиканың бірінші басшысының ерекше қолдауын-

сыз мұндай жиындар өте ме? 1975 жылы Мәскеуде және Алматыда Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне арналған халықаралық конференциялар өтті. Оған Алматыдағы жиынның дәрежесін көтеру мақсатында Д.Қонаевтың өзі қатысты. Әйтпесе, ортағасырлық гүламаға арналған конференцияға СОКП Орталық комитеті саяси бюросының мүшесі, Одақтық Парламент депутаты, КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының мүшесі Д.Қонаев қатысуға міндетті ме? Қатыспаса да ешкім ешнәрсе дей алмас еді. Бірақ Димекеңнің қатысуы ғылыми басқосудың дәрежесін биіктеткені анық. Мұндай дәрежедегі конференция Әл-Фарабиге бұрын соңды да, кейін де өткізілген емес-ті.

Әл-Фараби тойынан бес жыл бұрын, яғни 1970 жылы Д.А.Қонаев атақты археолог Кемел Ақышевты қабылдап, жұмысы 20 жылға жоспарланған Оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясының құрылуына және жыл сайын аталған мақсатқа қомақты қаржы бөлінуіне ықпал етті. Экспедицияның басты зерттеу нысанасы Әл-Фарабидің Отаны — Отырар болды. Мұндай қаражат бұрын-соңды Қазақстанда бірде-бір жәдігерді зерттеуге бөлінген емес-ті.

Кейін археолог К.Ақышевтың, аудандағы алғаш музейді

құрушы Асантай Әлімовтің ұсынысымен, облыс басшысы А.Асқаровтың қолдап тиісті шешім қабылдауымен Шәуілдір кентінде Қызылқұм ауданында салынуы тиіс алты тұрғын үй қаражаты есебінен үкіметтің ешбір ресми жоспарында қаралмаған Отырар музейінің салтанатты гимараты бой көтерді. Кейін осы музейдің ашылуына, онда қойылған археологиялық жәдігерлер көрмесіне Димекеңнің тікелей өзінің келуі гимараттың сәл-пәл «заңсыздау» жолмен салғызғандарды қорғау, қазақтың байырғы тарихын, мәдениетін танытамын дегендерге қолдау деп түсінуіміз керек.


Мұхтар ҚОЖА,

т. г. д.,

Гүлжанат БАЙСАРИЕВА,

Отырар мемлекеттік археологиялық-қорық музейінің аға ғылыми қызметкері.

ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ТАРТЫМДЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ҰСЫНЫЛДЫ



«Инвестициялық жобалардың презентациясы» питч-сессиясына Түркістан қаласына жақын жердегі 7 «өсу нүктесі» шығарылды. Инвестициялар көлемі бойынша жобалар шағын және орта бизнес аудиториясына бағытталған. Яғни, бір учаскені дамытуға бірнеше инвестор қатысады.

Іс-шара өңірдегі кәсіпкерлік белсенділікті арттыру мақсатында өткізілді. Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы алғы сөзінде: «Туризм — өңір үшін басым бағыттардың бірі. Мемлекет инфрақұрылымды дамыту, несие ұсыну құралдары көмегімен, сондай-ақ өңірді ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілету арқылы салаға қолдау көрсетеді», деп атап өтті.

«Open Turkistan» ТАО» ЖШС бас директоры Әсем Әбдірімова Түркістан қаласының маңындағы туристік бағыттарды дамыту тұжырымдамасын ұсынды. Шараға дайындық кезінде Түркістан қаласына жақын әрі көлік инфрақұрылымының болуы, елді мекенге жақын аумақтарда жер учаскелерінің болуы секілді параметрлерге сәйкес келетін бірнеше пер-

спективалық өсу нүктесі анықталды.

Консалтинг және учаскелердің келешегін сараптамалық бағалау мақсатында ұйымдастырушылар Аюсай және Түргенсай визит-орталықтары, Тау-Тас глэмпингі, «Қыран», «Ғұндар», «Zolo Group» этноауылдарының өкілдерін тартты.

«Қыран» қыран құстармен аңшылық федерациясының атқарушы директоры Багдад Муптекқызы этноауыл тұжырымдамасында белсенділікті арттырып, соның ішінде қыран құстармен аң аулаумен толықтыру қажеттігін айтты.

«кінішке қарай, өскелең ұрпақты құс шаруашылығына үйрете алатын

ақсақалдар өте аз. Түркістанда қажылық туризм дамыған. Енді туризмнің басқа түрлерін дамытатын кез келді. Құс шаруашылығын әлемдік деңгейде насихаттау қажет», - дейді ол.

Аумақтар маркетингі бойынша жетекші ресейлік сарапшы, аумақтық маркетинг орталығының басшысы Константин Гаранин аумақтың тартымдылығын арттыру құралдары туралы өз көзқарасымен бөлісті.

Ол Түркістанда агломерациялық тәсілді қолдану маңызды екенін атап өтті, өйткені жақын жерде 4 миллионнан астам халқы бар 2 агломерация бар, бұл кез келген бизнес үшін ағын жасау үшін жеткілікті.

Іс-шараға Түркістан облысының кәсіпкерлерін, сондай-ақ Астана, Алматы қаласы мен Алматы облысынан және басқа өңірлерден келген қонақтарды, барлығы 150-ге жуық қатысушы жиналды.

Түркістанда питч-сессиядан басқа франшизалар көрмесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ Kapitalist инвестициялау платформасының негізін қалаушы Нұрбек Раев ШОБ-қа инвестициялар тарту бойынша шеберлік сабағын өткізді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АААР» ЖШС-гі ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабына сәйкес 2023 жылғы 26 қаңтар айында сағ.12.00 да Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент ауылы, Маяковский көшесі №2 б, зауыт ғимаратында, Түркістан облысы бойынша қолданыстағы «АААР» ЖШС-гі жобасы бойынша «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында [esportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/242069?lang=ru), сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/242069?lang=ru> сайтында танысуга болады. Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Eco Portal.қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Заказчик ЖШС «АААР», koja061174@mail.ru. 87756661165 БСН 190840003109. Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖК «Ақылбекова Г.К», gulnaz__91@mail.ru. ЖСН 911105401682 87781524535

ХАБАРЛАНДЫРУ

ТОО «АААР», в соответствии с требованиями ст. 57-2 Эко-кого кодекса РК, сообщает, что в 12.00 час 26 января 2023 года по адресу Туркестанская область, Мақтааралський район, пос.Атакент, ул.Маяковский №2 б, здания завода состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» на проект существующей ТОО «АААР» Туркестанская область, Мақтааралський район, пос.Атакент, ул.Маяковский №2 б.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале [esportal.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/242069?lang=ru), а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/details/242069?lang=ru> Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ЖШС «АААР», koja061174@mail.ru. 87756661165 БИН 190840003109. Проектная организация ИП «Ақылбекова Г.К», gulnaz__91@mail.ru. ИИН 911105401682 87781524535

БАЛАБАҚША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛАҚЫ ҚАРЫЗЫ ТӨЛЕНЕДІ

2022 жылғы 13 желтоқсанда Түркістан облыстық мәслихатының кезекті он тоғызыншы сессиясы өтті. Сессия жұмысында 24 мәселе қаралды.

Жетінші шақырылымдағы облыстық мәслихаттың кезекті он тоғызыншы сессиясының жұмысына облыс әкімі Сатыбалды Дархан Сатыбалды, облыс әкімдігінің мүшелері, қала, аудан әкімдері мен мәслихат хатшылары, облыстың мемлекеттік органдарының басшылары, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы, облыстық қоғамдық ұйымдар төрағалары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Сессия жұмысын облыстық мәслихат хатшысы Қайрат Балабиев жүргізді.

Сессияда Түркістан облысы бюджетінің кіріс бөлігін толықтыру және табыстың өсуінің жаңа резервтерін анықтау бойынша атқарылған жұмыстар туралы мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Еркін Елшібековтің және Түркістан облысы полиция департаментінің Түркістан облысында қоғамдық қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз ету бойынша атқарған жұмыстары туралы Түркістан облысы Полиция департаментінің бастығы Мұрат Қабденовтің есептері тыңдалды.

Сонымен қатар күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық экономика және стратегиялық даму басқармасының басшысы Қ.Қайыпбек баяндама жасады.

Сессияда маңызды мәселенің бірі шешімін тапты. Ол — өңірдегі балабақша қызметкерлерінің жалақы қарызы. Тәрбиеленуші балалардың контингент санына байланысты жыл соңына қосымша қаржы қажеттілігі туындаған. Аталған мәселе облыс әкімінің бақылауына алынып, бүгінгі облыстық мәслихат сессиясында қаралды. Тиісті қаржылар облыстық адами өлеуетті дамыту басқармасына толығымен бөлінді. Берешек қаржылар бойынша төлем 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін жүргізілетін болады.

Депутаттар Түркістан облысы әкімдігінің дербес құрамындағы өзгерістерді келісу туралы мәселесін де қарады. Бұл ретте Түркістан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №19/235-VII «Түркістан облысының басқару схемасы туралы» шешіміне сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі Қаулы шығарды.

Бұдан былай «Түркістан облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының



мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып;

2) «Түркістан облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып;

3) «Түркістан облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы» мемлекеттік мекемесі және «Түркістан облысының инвестиция және экспорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі біріктіру жолымен «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып, қайта ұйымдастырылады.

2. «Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі:

1) «Түркістан облысының ауыл шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

2) «Түркістан облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып бөліну жолымен қайта ұйымдастырылмақ.

Сонымен бірге «Түркістан облысының адами өлеуетті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Түркістан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып; «Түркістан облысының қоғамдық денсаулық басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып аталады. «Түркістан облысының стратегия және экономикалық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып қайта аталмақ.

Жиында сондай-ақ кадрлық өзгерістерге байланысты Түркістан облысы әкімдігі жанындағы бірқатар комиссиялар мен кеңестердің құрамына өзгерістер енгізілді.

Жалпы, сессия жұмысында қаралған мәселелер бойынша мәслихат депутаттары тиісті шешімдер қабылдады.

з кезегінде облыс әкімі Д.Сатыбалды сессия жұмысын қорытындылап, мәслихаттың жұмысына табыс тіледі.

ФЕРҒАНАЛЫҚ ИНВЕТОР ИНВЕСТИЦИЯ САЛУҒА НИЕТТІ

Өзбекстан Республикасы Фергана облысы әкімінің орынбасары Хуршиджон Ахмедов бастаған делегация арнайы Түркістанға іссапармен келді.

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ермек Кенжеханұлы өзбекстандық делегацияны күтіп алып, түркі елдерінің басын қосатын “TURAN” АЭА-ның артықшылығы мен мүмкіншіліктерін таныстырып, инвесторлардың жобаларын тыңдады.

Өзбекстан Республикасы бойынша тоқыма кластерінің 40 % Фергана облысы құрайды. збекстандық инвестор, «Tricolor Textile» компаниясының директоры Бахтиёр Садиков Түркістан облысынан текстиль кластері бойынша фабрика ашуга, 10 млн. АҚШ долларға инвестицияға құюға ниетті екенін жеткізді.

Ол үшін шиттен дайын өнімге дейінгі кластерді дамытуға жер сұрады. Сонымен бірге, ауылшаруашылығы бойынша 20 млн АҚШ долларын құюға дайын екенін айтты. Ол ірі қара мал бордақылап, түркістандық кәсіпкермен өзара келісім арқылы бірге жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде Фергана облысы әкімінің орынбасары Хуршиджон Ахмедов “Түркістан-Фергана” бағытында әуетасымалын ашуды ұсынып, екі облыстың туристеріне керемет мүмкіншілік боларын жеткізді. Алдағы збекстан елінде өтетін бизнес форум аясында түркістандық инвесторларды өз елімізде күтуге, жаңа жобалар талқылауға дайын екендерін жеткізді.

Бетті дайындаған:
Арайлым ӘБСАФАТ.

СІБІР ЖАРАСЫН АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ОШАҚТА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

Сібір жарасы (күйдіргі) — антропозоонозды жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы — бактериялар (*Bacillus anthracis*) болып табылады. Сібір жарасының қоздырғыштары адам мен жануарлардың ағасынан тыс жерлерде споралар түзуге қабілетті және олар сыртқы ортаның физикалық-химиялық әсерлеріне өте төзімді, қоршаған ортада жүздеген жылдарға дейін сақталады.

Сібір жарасының адамдарға жұқтырушы көзі ауру үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа, жылқы, бұғы) болып табылады. Адамға аурудың жұту жолы көбіне жанасу арқылы (ауру малды сою кезінде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішкенде жүтады. Сонымен қатар, ластанған топырақты егістікте қолдануда жұтуы мүмкін.

Белгілері: науқаста дене қызуы көтеріледі, басы ауыра бастайды, денеде ауырсыну мен әлсіздік сезіледі, ал теріде алдымен дақ пайда болады, ол ісініп көпіршіктенеді, жарылған дақтар орнында жара пайда болады. Сібір жарасы анықталған жағдайда ҚР ДСМ 2021 жылғы 12 қарашадағы №114 «Аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын-алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптары» бұйрығы негізінде қорытынды дезинфекция жұмыстары жүргізіледі.

А.СУЛТАМУРАТОВА,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының дәрігер эпидемиологы.

18 жасында бір үйдің бір тал ұлына тұмысқа шыққан Пәтима апа бүгінде жеті перзенттің анасы. Кеудесіне үкіметтің күміс және Алтын алқасын таққан Батыр ана. Жасы 85-ке толса да, жан-жаққа қанаттанып ұшқан қыздарының үйіне барып, аунап-қунап қайтады.

Қара шаңырақ Кентаудағы Хан тағы ауылында-тұғын. Табиғаты тамаша, құтты мекен. Дегенмен, ұл-қыздары, күйеу балалары көмектесіп, қарт ананың қолындағы Нұрлан ұлынан тараған немерелерімен бірге жақында гана

өкінеді... Қыздарының бір-бір үйдің отын жағып, күйеу балаларымен бірге жиен немерелерін бағып-қағып отырғанын, мына жарқыраған жаңа үйді көріп, өздерімен бірге қуанса деп ойлайды.

Қонарбай Есенбекұлы — Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері. 25 жыл «Мырғалымсай» руднигінде еңбек етіп, зейнетке шықты. Бірақ шиттей бала-шағаға нәпақа болсын деп әрі ұжымы жұмыстан қол үзбеуін өтінген соң рудникте жеңілдеу жұмыс атқарып жүрген. Сол қаралы



Ананың асыл жүрегі

жаңа қонысқа қонды. Қоныс болғанда қандай?! Жап-жарық, кең, бөлмелері жетерлік. Зейнетке шыққан батыр анаға осы керек еді. Ұрпақтарына рахмет!

Кейде балалардың әкесі, өзінің өмірлік серігі Қонарбайдың өмірден ерте озғанына

күні жұмыстан кештетіп қайтып келе жатқан отағасын масаң мотоцикл жүргізушісі қағып кеткен...

Бұл-1983 жыл болатын. Қыздарының алды аяқтанып қалған. Құрмангүл — Ордабасы ауданындағы «Көкарал», Шәкіза Батыр ата ауылына келін болып түскен болса, менің қарашаңырақтағы келінім Багиланың бауырыммен бас қосқанына небәрі жылға толмайтын уақыт болған еді...

Атасының о дүниелік болғанына бауырым, Пәтима апаның үшінші күйеу баласы қатты қиналды. «Шиттей бала шаға, Нұрлан әлі жас» деп барған сайын мал қорасын тазалап, үй сыртындағы қоршауларды жөндеп, ағаш бұтап, қысқы отынды даярлап қайтатын. Сонда Ибрагимәлідің бауырмалдылығына риза болғаным бар. «Ол да менің анашым»-деп отырушы еді.

Құда мен құдағидың тәрбиесі гой, Багила келін бауырыммен некеге тұрғанда: -Мен Кентаудың қызымын. Бұл- келін болып түскен алтын босағам Қажымұхан ауылында. Ата-әжемді бүкіл аудан тұрғындары таниды. Марқұм атам ауылдық кеңесте еңбек еткен, апам 14 жасынан ауылдығы мектепте жұмыс істейді. Сондықтан, мен «Дөнеева боламын»- деп неке куәлігіне қол қойғанда, әулетімізбен қуандық. Сол жылдары аудандық «Ордабасы оттары» газетінде істеймін. Келінім тұңғышы Абзалды дүниеге әкелгенде, редакцияға нәрестелер үйінен акушер келіншек жұмыс телефонына хабарласып: «Сүйінші. Сіңлің Багила ұл босанды!» деп звондағанда, ауылдағылардан бұрын қуанышты хабарды естіп, төбем көкке жеткен. Іштей келіміне риза болғанмын, сонда біздің тегімізді алудың себебін ұтыңғандай болғанмын.

xxx

Өмір-өзен. Көршісі Бибіайша үйге келіп:

-Пәтима, жақын жерде халықты азық-түлікпен, көкөніспен қамтамасыз ететін сауда орны ашылыпты. Продснаб деген... Екеуіміз бірге барып, жұмысқа орналасайықшы,-дейді. Қонарбай да қарсы болған жоқ. Келісті. Алғаш жұмысқа шыққан күн есінде қалыпты. Кешке дейін Бибайша екеуі көмекшілермен

бірге халыққа азық-түлік, жеміс-жидек таратқанда, көлік толы жүзім болатын. Халық қарық болды. Бір қуаныштысы басшысы: «Балаларың қуанып қалсын, алындар» деп үйге мол етіп жүзім беріп жібереді. Бала-шаға мәз-мәйрам. Бірақ, бұл мекеме алты жылдан кейін жабылып қалды да, Пәтима апа Жүсіпқызы Есенбекова аты одаққа танымал Кентау эксковатор зауытына жұмысқа орналасты. Тоғыз жыл еңбек етіп, сол жерден зейнеткерлікке шықты.

Эксковатор зауытының ұжымы» Батыр ана»- деп құрмет тұтты. Құрмангүл, Шәкіза, Багила, Нагима, Ұлбике, Ұлтуар қыздары соңдарынан ерген бауырлары Нұрланға қолдан келгенше көмек қолын созады. йткені, көлік апатынан кейін Нұрлан біраз уақыт жұмыстан қол үзді. Апа-зейнеткер, келін шиттей бала-шаға болған соң жеңіл-желпі жұмысқа орналасқан. Қыздары мен күйеу балаларына рақмет! Осындай жағдайда отырған Батыр аналарына қарлығаштың қанатындай су себелеп, қамқор болды. Ең бастысы-облыс орталығы Түркістан қаласында қоныс тойын жасап, құран оқытты. Көрші-қолаң, ағайын-туыс бірге қуанды.

Атасы Есенбектің бауыры Еділбек те өсіп-өнеді. Бүгінде ұлды ұяға, қызды қияға қондырған Алтын алқалы ана балаларынан өрбіген немерелеріне бас-көз болып отыр. Келіні Айнұр де күміс алқа иегері. Үш ұл, үш қыздың анасы.

Пәтима Жүсіпқызы - бүгінде 28 немересінен өрбіген, 46 шөберенің алақанынан май жалаған ақ жаулықты ардақты жан. Шөпшегі Інжудың маңдайынан сүйіп тұрып Аллаға алғысын жаудырады. Қиындықтың бәрі артта қалды. Денсаулықтың арқасында жыл сайын жасына жас қосып отырған ана таңертең ұйқысынан оянганда Төңірден үрімбұтағының амандығын тілейді. Бұл-ардақты ананың асыл жүрегінен шыққан ақ тілек.

Пәтима апа, ұрпағыңызбен мың жасаңыз!

Шаһаризада ДӨНЕЕВА.

Қазақ журналист-касының қайраткері.

Түркістан қаласы.

ЛУЧШИЙ ВРАЧ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

